Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы С. Қасымовқа

"Global West Construction" ЖШС-нен

«Сайөтес селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі тарапынан ұйымдастырылған (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) №2582065-1 санды «Санитарная отчистка территории населенных пунктов Сайотес расположеного 280 км от Актау, в 130 км от Шетпе» мемлекеттік сатып алуының қорытындысына сәйкес "Нұрлы Жол Сервис» ЖШС-ін жеңімпаз ретінде таныған.

Өз кезегінде, "Global West Construction" ЖШС-і конкурс қорытындысымен келіспей шағым түсіреді.

"Нұрлы Жол Сервис» ЖШС конкурстық өтінімін келесідей бұзышылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида)85-1 тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 150-тармағының 1-тармақшасында әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

Қағиданының конкурсттық құжаттамасының 6-қосымшасының 3-тармағында әлеуетті өнім беруші қызметті көрсету үшін қажетті растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді көрсетеді деп жазылған.

Осымен, Ұйымдастырушының техникалық ерекшелігінде әлеуетті өнім берушілерге келесі біліктілік талаптары қойылған: автокөлік (жұмысшыларды тасымалдау үшін) 1-дана, самосвал 2-дана, погрузчик 1-дана.

Алайда, «Нұрлы Жол Сервис» ЖШС конкурстық өтінімінде 1-дана самосвал жоқ екені анықталды.

Себебі, «Нұрлы Жол Сервис» ЖШС тарапынан ұсынылған біліктілігі туралы мәліметте 2-дана самосвалға ие болуы туралы мәлімет көрсетілмегені анықталды. (біліктітілік туралы мәліметтер 3-тармақ, 4-тармақша).

Демек, «Нұрлы Жол Сервис» ЖШС-нің өтінімі материалдық ресурстарына ие болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігіне қарамастан, конкурсқа жіберу туралы негізсіз шешім қабылдағаны анықталды.

"Ниязбек Строй Сервис" ЖШС конкурстық өтінімін келесідей бұзышылықтар анықталды.

Қағиданың 150-тармағы 2-тармақшасында әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз (недостоверный) мәліметтер ұсыну фактісі анықталса конкурсқа жіберілмейді деп көрсетілген.

Осымен, «Ниязбек Строй Сервис» ЖШС-нің өтінімінде жалға алынған Самосвал Camc Hn3250g6d спец техникасы техникалық паспорт бойынша Иесі:Мустажаев Жауымбай Ниязбекович, мемлекеттік тіркеу номері 693 LRA 12, Масса без нагрузки:13000 кг, Разрешенная максимальная масса 25000 кг.

Ал, ұсынылған техникалық байқаудан өту картасында (техосмоторда) Иесі:ТОО «ГРУППА КОМПАНИЙ EPC SYSTEM», мемлекеттік тіркеу нөмері Е 096 ВХ, Масса без нагрузки:12350 кг, Разрешенная максимальная масса 37350 кг.

Демек, «Ниязбек Строй Сервис» ЖШС тарапынан жалған, дәйексіз мәліметтер ұсынылуына байланысты конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс болатын.

Жоғарыда аталғандар негізінде, конкурс қорытындысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының 2-қосымшасында көзделген Мемлекеттік сатып алу бұзушылықтарын жою тәсілдеріне сәйкес, №5,№6,№7-бейіндер бойынша шешім қабылдауды сұраймын.

Сондай ақ, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабы 5-тармағына сәйкес, көрсетілген мерзімде тиісті дәлелдермен жауап беруіңізді сұраймын.

Директор **А.Сайын**

Global West Construction